



БҰЙРЫҚ

28.12.2022 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 152

город Астана

«Нормативтік-техникалық құжатты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Нормативтік-техникалық құжатты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 130 бұйрығына келесіндей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген «Жол құрылысында модифицирленген күкіртті қолдану бойынша ұсынымдар (тәжірибелі құрылыс үшін)» (ҚР Ұ 218-145-2019) (бұдан әрі – Ұсынымдар) нормативтік-техникалық құжат:

«Кіріспе» тарауының соңғы абзацы, мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Ұсынымдарда асфальтбетондардың, бетондардың және оларға қойылатын талаптардың сапасын арттыру үшін күкіртпен тұтқырғышты «ішінара және толық алмастыру» түрінде пайдаланылатын күкірт туралы жалпы мәліметтер, алынатын күкірт асфальтбетондардың, шағыл тасты – мастикалық күкіртасфальтбетондардың, күкіртбетондардың және күкіртшағыл тастың құрамын жобалау қағидаты қоспаларды дайындаудың технологиялық тәсілдері, құрылыс технологиясының, күкіртпен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасының ерекшеліктері келтірілген.»;

«Қолдану саласы» тарауының соңғы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сондай-ақ, осы ұсынымдар көліктік, гидротехникалық және құрылыстың басқа да салаларында қолданылатын күкіртбетон қоспалары мен күкіртбетондарға, күкіртшағылтасқа қолданылады. Ұсынымдар күкіртбетон қоспалары мен күкіртбетондардың, күкіртшағылтастың сапа көрсеткіштерінің жалпы техникалық талаптарын қабылдау ережелері мен сынақ әдістерін белгілейді. Осы ұсынымдардың талаптары күкіртбетон қоспаларына,

күкіртбетон құрылымдары мен бұйымдарына арналған жобалық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу кезінде сақталуы тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 3 «Терминдер мен анықтамалар» тарауы 3.10 және 3.11- тармақтармен толықтырылсын:

«3.10 Әктас-ұлутас - әк тұздарымен цементтелген ұлутас сынықтарынан түзілген материал.

3.11 Күкіртшағылтас - балқымаға немесе модификацияланған күкірт ерітіндісіне малынған қатайтылған әлсіз карбонатты тау жынысы.»;

5.2.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5.2.1 Табиғи тастан және әктас-ұлутастан алынған шағылтас, күкіртшағылтас.

Қоспаларды дайындау кезінде ҚР СТ 1284 МЕМСТ 8267, МЕМСТ 32703 талаптарына және осы ұсынымдардың 3 және 3а кестесінде көрсетілген көрсеткіштердің мәндеріне сәйкес келетін атқылаған тау жыныстарын ұсақтау арқылы алынатын табиғи тастан және әктас-ұлутастан алынған шағыл тасты пайдалану керек.»;

Мынадай мазмұндағы 3 а кестесімен толықтырылссын:

«3а кесте - Әктас-ұлутастан алынған шағыл тастың физика-механикалық қасиеттері

Көрсеткіштің атауы	Мәні
Маркасы, төмен емес	
Уақталуы бойынша	200
Аязға төзімділігі бойынша	F15
Маркасы, көп емес	
Тозуға сынау кезінде массаның жоғалуы бойынша	И-4
Су сіңіргіштігі, көп емес %	8

»;

5.4.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5.4.1 Күкіртшағылтасты, күкіртасфальтбетон қоспасын және күкіртасфальтбетонды сынау ҚР СТ 1218 бойынша жүзеге асырылады.»;

5.5.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5.5.3 Күкіртшағылтас пен күкіртасфальтбетонның физика-механикалық қасиеттерінің осы ұсынымдардың талаптарына сәйкестігін тексеру үшін қоспаны араластырғыштан көлік құралдарына түсіру кезінде сынамалар алынады.»;

7.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7.2. Күкіртшағылтас пен күкіртбетонға қойылатын талаптар»;

7.2.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7.2.1 Күкіртшағылтас, күкіртбетон қоспалары мен күкіртбетондардың сапа көрсеткіштеріне қойылатын негізгі талаптар олардың мақсаты мен

құрылымдардағы жұмыс жағдайларына байланысты осы ұсынымдардың талаптарына сәйкес белгіленуі тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 12а кестемен толықтырылсын:

«12а кесте - Күкіртшағылтастың физика-механикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Мәні
Маркасы, төмен емес Уақталуы бойынша Аязға төзімділігі бойынша	600 F25
Маркасы, көп емес Тозуға сынау кезінде массаның жоғалуы бойынша	И-2
Су сіңіргіштігі, көп емес %	5

»;

9.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9.1 Күкіртшағылтас пен күкіртбетон қоспалары «Кохер» типті мамандандырылған термос-бункерлерде тасымалданады».».

2. Осы бұйрық бекітілгеннен кейін «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «ҚазжолҒЗИ» акционерлік қоғамымен бірлесіп келесілерді қамтамасыз етсін:

осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды «InfoZhol» салалық нормативтік-техникалық құжаттардың дерекқорына енгізсін;


осы бұйрықтың 1 тармағында көрсетілген ұсынымдарға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиражын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары Комитетіне ұсынсын;

«Жол құрылысында модифицирленген күкіртті қолдану бойынша ұсынымдар (тәжірибелі құрылыс үшін)» (ҚР Ұ 218-145-2019) нормативтік-техникалық құжатты осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген ұсынымдарға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қоса бірыңғай ақпараттық жүйені қалыптастыру үшін стандарттау жөніндегі ұлттық органға ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, танысуға және таратылуға жатады.

Төраға



Т. Абдуллин



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

28.12.2022 г.

Астана қаласы

№ 152

город Астана

**О внесении изменений и дополнений в приказ Председателя
Комитета автомобильных дорог Министерства по инвестициям и
развитию Республики Казахстан от 21 декабря 2018 года № 130
«Об утверждении нормативно-технического документа»**

В соответствии с пунктом 3 статьи 65 Закона Республики Казахстан «О
правовых актах» **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Внести в приказ Председателя Комитета автомобильных дорог
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 21 декабря
2018 года № 130 «Об утверждении нормативно-технического документа»
следующие изменения и дополнения:

в нормативно-техническом документе «Рекомендации по применению
модифицированной серы в дорожном строительстве (для опытного
строительства)» (Р РК 218-145-2019) (далее – Рекомендации), утвержденном
указанным приказом:

абзац пятый раздела «Введение» изложить в следующей редакции:

«В настоящих Рекомендациях приведены общие сведения о сере,
используемой в виде «частичного и полного замещения» вяжущего на серу, для
повышения качества асфальтобетонов, бетонов и требований к ним, принцип
проектирования состава получаемых сероасфальтобетонов, щебёночно-
мастичных серосфальтобетонов, серобетонных и серощебня технологические
способы приготовления смесей, особенности технологии строительства,
техники безопасности при работе с серой.»;

абзац второй раздела «Область применения» изложить в следующей
редакции:

«Также, настоящие рекомендации распространяются на серобетонные
смеси и серобетоны, серощебни применяемые в транспортной,
гидротехнической, и других областях строительства. Рекомендации
устанавливают общие технические требования показателей качества
серобетонных смесей, серобетонов и серощебня правила приемки и методы
испытаний. Требования настоящих рекомендаций должны соблюдаться при

разработке проектной и технологической документации на серобетонные смеси, для серобетонных конструкций и изделий.»;

раздел 3 «Термины и определения» дополнить пунктами 3.10 и 3.11 следующего содержания:

«3.10 Известняк-ракушечник – материал, образовавшийся из обломков раковин, цементированных известковыми солями.

3.11 Серощебень – упрочненная слабая карбонатная порода пропитанная расплавом или раствором модифицированной серы.»;

пункт 5.2.1 изложить в следующей редакции:

«5.2.1 Щебень из природного камня и известняка-ракушечника, серощебень.

При приготовлении смесей следует использовать щебень из природного камня и известняка-ракушечника, получаемый дроблением изверженных горных пород, соответствующий требованиям СТ РК 1284 ГОСТ 8267, ГОСТ 32703 и значениям показателей указанных в таблице 3 и 3а настоящих рекомендаций.»;

дополнить таблицей 3а следующего содержания:

«Таблица 3а – Физико-механические свойства щебня из известняка-ракушечника

Наименование показателя	Значение
Марка, не ниже	200
По дробимости	
По морозостойкости	F15
Марка, не более	И-4
По потере массы при испытании на истираемость	
Водопоглощения, не более %	8

»;

пункт 5.4.1 изложить в следующей редакции:

«5.4.1 Испытания серощебня, сероасфальтобетонной смеси и сероасфальтобетона осуществляются по СТ РК 1218.»;

пункт 5.5.3 изложить в следующей редакции:

«5.5.3 Для проверки соответствия физико-механических свойств серощебня и сероасфальтобетона, требованиям настоящих рекомендаций пробы отбирают в момент выгрузки смеси из смесителя в транспортные средства.»;

пункт 7.2 изложить в следующей редакции:

«7.2 Требования к серощебню и серобетонам»;

пункт 7.2.1 изложить в следующей редакции:

«7.2.1 Основные требования к показателям качества серощебня, серобетонных смесей и серобетонов должны устанавливаться в соответствии с требованиями настоящих рекомендаций в зависимости от их назначения и условий работы в конструкциях.»;

дополнить таблицей 12а следующего содержания:

«Таблица 12а – Физико-механические показатели серощебня

Наименование показателя	Значение
Марка, не ниже	
По дробимости	600
По морозостойкости	F25
Марка, не более	
По потере массы при испытании на истираемость	И-2
Водопоглощения, не более %	5

»;

пункт 9.1 изложить в следующей редакции:

«9.1 Серощебень и серобетонные смеси транспортируют в специализированных термосах-бункерах типа «Кохер».».

2. Республиканскому государственному предприятию на праве хозяйственного ведения «Национальный центр качества дорожных активов» совместно с акционерным обществом «КаздорНИИ» после утверждения настоящего приказа обеспечить:

внесение указанных в пункте 1 настоящего приказа изменения и дополнения в рекомендации в базу данных отраслевых нормативно-технических документов «InfoZhol»;

предоставление тиража указанных в пункте 1 настоящего приказа изменений и дополнений в рекомендации в Комитет автомобильных дорог Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан;

направление Нормативно-технического документа «Рекомендации по применению модифицированной серы в дорожном строительстве (для опытного строительства)» (Р РК 218-145-2019) с учетом указанных в пункте 1 настоящего приказа изменений и дополнений в рекомендации в национальный орган по стандартизации для формирования единой информационной системы.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего Заместителя председателя Комитета автомобильных дорог Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан.

4. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания и подлежит ознакомлению и рассылке.

Председатель



Т. Абдуллин